

Кайрат ИМАНБЕКОВ

**ҚАСҚА
ҚҰЛЫН**



Каýрат ИМАНБЕКОВ



ҚАСКА КҰЛЫН

Қараганды – 2014

(жыр кітабы)

**УДК 821.512.122-1
ББК 84 (5 Каз)-5
И48**

Автор осы жинақтың жарық көруіне демеушілік
жасап, жаңашырлық танытқан жерлесіміз,
Білім меценаты, атынтай азамат
Бекзат Гомарұлы АЛТЫНБЕКОВКЕ
риясыз алғысының білдірелі.

И 48 Иманбеков К. «Қасқа құлыш»: Өлеңдер/
К. Иманбеков. – Караганды, 2014. – 104 б.

ISBN 978-601-204-243-6

Карагандылық жас талапкер Қайрат Иманбековтің
осынау тырықалды жинағына тұтас ел, тұтас жер, ма-
хаббат тақырыбындағы жалынды жырлары енгізіліп отыр.
Жас иқсан күндегікіті күйбенниң коленкесінде көрінбей
қалатын омір шындығы мен мәнгілік ақыяттарды өзіндік
көзben аңдалап, еттеше орген.

Көшілік жырсүйер кауымға арналған.

**УДК 821.512.122-1
ББК 84 (5 Каз)-5**

ISBN 978-601-204-243-6

© К. Иманбеков, 2014

АЛҒЫСӨЗ

Кайрат Иманбеков кейінгі көздері өзінің ойын алеңдерімен оқырман көңілін баурап жүрген жас ақындарымыздың бірі. Алдымен айтадырым — оның балауса жырлары жасандылықтан ада, шынайылығымен ерекшеленеді. Ал, әнер атаулының шынайылықтан шырайланғанда ғана өміршің болатынын ескерсек, бул жас ақында дарытан жаксы қосмет дер едік. Жас шайыр саусақ сорып, сөздің сыртын қызықтаудан аулақ. Әр құбылтыстың сәнімен қоса мәнін ашуға, философиялық түйінін табуға бейім.

Ол өзінің осынау шексіз де шетсіз дүниенің құйттай балшегі екенін жақсы түсінеді.

Балмадегі бадымтсыз бір нұктеден,

Тауып алдың өзінді бір күтпеген.

Қарай-қарай, қайтейін, қвайм жетті.

Нұктес ғана екенмін тірлікте мен, -

дей отыра, сол ұланғайыр алем алдында ақын мен адамшат атқаратын зор міндет те бар екенін меңзейді. Ақын немесе лирикалық герой көрсеткенімен алеңді тұтас оғи келе оның зор тұлғага айналғанын аңарасын. Кайрат — алеңдерін табиги диалектикасымен жетелей отырып, дер кезінде тоқтайдын ақын. Не межелі жеріне жетпей тоқтап, не асып түсіп жататын жырыштар аз емес. Ал, ар шалқұдым,



шабыттың мәлшерін білу-ол да бір қажет қасмет.

Мен жас ақынның жазу столының тарталасында алі де қанша олек жатқанынан хабарсызбын. Бірақ, наім қызыға оқып шыққан қолжазба мен жыэр мүшайірларында жүлде алып жүрген өлеңдеріне қарал, оның келешекте ақындық аұмыр жүкті алқынбай ата апарап алеуетті енер иессі болып шынар-ау деген сенімге келдім. Кайрат өлеңдерін оқы отырып, оның тартастың түсіндігін талдажу болар тақырыптарды өмірдің өзінен ойып алғатынын аңарадық. Элбетте, мұндағы жағдайда жеке бастың мұн-мұқтажы ғана емес, жаллы жамғашттың арман-аңсарай да айдулақтанаптыны бар той. Кітапта осындағы саптердің мол көздессі өның табысты түстары дер едім.

Әрине, аз ғана лебіз ішінде жас ақын тауып айтып, таңбалап жазған дүниелердің қасметін толықтай ашып беру мүмкін емес. Эйтсе де, оның «Кер ат», «Кілт», «Қасқа құлын» бастаған бірталай өлеңдері жинақтың шоқтығын көтеріп тұраған жұлынды да жілікті түсінілдігар екенін айтуда парыз. Буган байғенің алдын бермейтін жеден жүйрік кер аттың қойторыға айналу трагедиясын суреттеген тиіменің шұмақтар далел.

Жүйрікпен біреу қой бағып жур,

Белгілі енгі оның озбасы.

Қалада көзінен атып жур.

Елдегі кер аттың көз жасы.

Ақын жырларында осындағы астарлы



сөз, алқалы дүние көп-ақ. *Мәсслен:*

Шарам не өртөндім сонда мен,

Шаттыым жалт беріп жүзімнен.

Үйлген алқанды жалғап ем,

*Сезімлі қайтемін үайлген. - деп келетін
жыр жолдарына қалай қарар едіңіз. Мен сүйсіне
қарауга бейілмін.*

Әрине, өнер атаулы үнемі жетілдіріп
тыңымсыз ізденісті қажет ететін құбылыс. Бұл
орайда *Кайрат* тыңдыраар шаруалар да ал емес.
Дұас ақынға ақ жол тілей отырып, өнердегі өвірлі
іздеуден жалықпа дегім келеді.

Абзал БӨКЕН,
ақын, халықаралық «Алаш»
сыйлығының негері.



САПАР...

Сапарымды салыпты үзақ қылып,
Соқпақпенен келемін жүз аптығып.
Әбігерге түсіріп өмір өзі,
Әрбір жерден қойыпты тұзак құрып.

Ағаларым болар деп осы батыл,
Аттандырған еді ғой қосып ақыл.
Сол бағытта салы да суға кетіп,
Кейбіреудің қираған көші жатыр.

Жеткізбейтін секілді жыр шаһары,
Қарақшыдан қорқасың – бір шатағы.
Жалаңаяқ, жалаң бас жалғыз жанның,
Үрейлі де үмітті бұл сапары.

Ұшыраған жанмын ба лағынетке?
Тірі жан жоқ жөн сұрар төңіректе.
Қарайған зат көнілді қуантады,
Менің межем одан да әріректе.

Асқар таулар, алдында биік белдер,
Жиі-жиі кездеседі күйік, шерлер.
Жырдың елін іздеген жолаушымын,
Ей, маған тиіспендер...
Тиіспендер!



МІНЕЗ

Ауыр күн, мұңды ай, қын жыл,
Кеудеме кеселін құйып жүр.
Қырсығып біттің-ау, ей, өмір,
Қыршының қылғыр.

Жүректің жарығын мұң басып,
Бәрімен болдым мен сырласып.
Дәрменім таусылып жазылған,
Ал, менің жырыма кім ғашық?

Берілген ғұмырға өлшеніп,
Қайғырмас едім ғой берсе құт.
Өлшеусіз өлеңді еңсеріп,
Тағдырым жылайды тенселіп.

Сырласып қоктеммен, күзбенен,
Үкілі үмітін үзбеген.
Бақытты екенмін – бақытын
Қалам мен қағаздан іздеген.

Жанымды жалынмен көмкерген,
Өлең – от, өмірім өртенген.
Дұшпан бас шайқайтын серті өлген,
Шыңдарға айналам ертең мен.



ҚҰЛАЗУ

Зерттелмеген мендегі сараң тағдыр,
Зәремді ылғи алады қараңқалғыр.
Ойым – ойран, қиялым – қырық пышак,
Қалай өмір сүріп жүр адамдар бұл?!

Жүйрік емес, кейбіреу жабы мінген,
Жана қалады десенші, бағы бірден?!
Ашы терін алам деп тұлпарымның,
Топқа түсіп жатпастан қажыдым мен.

Желден жүйрік, жарқ етер, жебе ғұмыр,
Көсілер шақ маған да келеді бір.
Орта жолда тоқтағым кеп тұрады,
Осы менің мінезім неге қыңыр?!

Құлын жүрек құрсауда құрық көрген,
Өткенімді соғады ұмыт деумен.
Соңғы кездे сені де ұға алмаймын,
Тірі жан түсінбейтін ұлық, кеудем...



ӘКЕ

Арманымды адастырды ғасырым,
Аяулы әке, ардақты әке, асылым.
Өзінді ойлап, жылап жүрген жасырын,
Жібі тұзу жігіт болды жас ұлың.

Асыл әке, сенсіз жалғыз өстім мен,
Мейіріміңді көре алмадым ешкімнен.
Қараша үйдің қабырғасы сөгілді,
Өзің киген киімдер де ескірген.

Анамның да ақ жүзінен әр тайды,
(Жарты ғасыр жарын ойлап қартайды).
Көзінен мен мұн қөремін анамның,
Өзіңменен өткізуши еді әр тойды.

Ал, ұлыңның тұла бойы шер мен мұн,
От жалынын көрмей өскен кеудеңнің.
Ажал құшып, әкетай, сен өлген күн,
Көзден аққан жаспен бірге жерге ендім.

Сен солғансың, мен сарғайдым –
бұл анық,
Анам да жүр ақша жүзі қуарып.
Өлмеген тек өзің еккен тал ғана,
Елге барып жүрем ылғи суарып...



АНАНЫ ЖҰБАТУ

Жанын жеген қайғы-мұң, ой құсадан,
Көздің жасың көл етер – айныса адам.
Амандағын тілейтін баласының,
Өнің кетіп қалыпты-ау, байғұс анам.

Бұл тағдырды тастаған уақыт күз қып,
Жанаардан жапырақтай жақұтты үздік.
Жасымызға көздегі қарамады,
Басымызға орнаған бақытсызың.

Ана, өзінді уайымға алдырмашы,
Жалғыздың да жалғанда бар мұңдасы.
Өзге кімнен сұрайды қол ақысын,
Көздеріңнен төгілген тағдыр жасы?!

Алпақ шашын жасырған бояуменен,
Талай жазам, Ана деп, - аяулы өлең.
Кей көңіл қаяу тартып бара жатыр,
Ей, өмір, жоқ-ау сенде аяу деген.





Қайран ана, қайтесің күніреніп,
Қарайласар қуаныш түбі келіп.
Жаныңа кеп ұғындым жаныңызды,
Қалада құр жүріпті күнім өліп.

Жылым өріп, жүріпті жылап, сырғып,
Онсыз да, ана, біз талай құлап-түрдүк.
Бейнетіңің бәрі де бүйірса Алла,
Бақытыңа бас иер бір-ақ күндік!



Жүрек жиі жүтқан соң тағдыр уын,
Азайып бара жатыр жан-жылұым.
Тіршілікке қолшоқпар болып алған,
Тәнім де қоймай қойда қаңғыруын.

Меніреу күнкөрістен мұздап жүрек,
Құлағандай қүйдемін құздан жүдеп.
Күз секілді өмірге өгейсідім,
Өңменімнен өткізген ызғарлы леп.

Жанымды жатсынады неге жалған,
Қаншалықты қызық бар көрер алдан?!
Төреден төр, ақыннан сорды аямай,
Шерлі қылып қойған-ай, шебер Аллам.

Арқаласам азабын нар Қасымның,
Айтар едім ғазалын он ғасырдың.
Көкіректі күрмесе қайтем енді,
Көмейіме құйылған қорғасын мұн!



ТОҚЫРАУЫН

Қос бұрымдай құлаған ойға қырдан,
Буырқанған балдаурен – қойнауында ән.
Бастау алып биігі Қайдауылдан,
Тоқырауын ағатын жайлауымнан.

Жағасында асыр сап, түнейді елік,
Көктем келсе мұзы да жібиді еріп.
Тоқырауын көк атқа мініп алса,
Біздің ауыл жататын үрейленіп.

Қоңыр кеш, қоңыр күзде тартылатын,
Тартылатын, аға алмай алқынатын.
Төрт мезгілде түрлі оймен түрленгенде,
Арнасына аяулы ән тұнатын.

Бақ-ырысын жоғалтқан бұла күші,
Сор маңдай да, сол ғана кінәлісі.
Ақтогайдың жатады жоғын жоқтап,
Арманы ерте үзілген жылды ағысы.

Өзенді өлең еткен кеудесі үміт,
Пешенеге жазылмас пендешілік,
Мендік ғұмыр – тартылған Тоқырауын,
Қолге жетпей кететін жерге сіңіп.





ЖҰЛДЫЗ АҚТЫ

Тұнде тағы аспаннан жұлдыз ақты,
Жүргіме түсіріп мың сызатты.
Жұлдыз ақты жалт етіп, содан кейін,
Шырай төгіп құба таң мұнсыз атты.

Өзін мәңгі жоғалтып сөнді жұлдыз,
Енді бір жаз, тұра алмай енді бір күз.
Бір тамшы жас үзілді жанарымнан,
Көрді бір қыз, еріксіз көнді бір қыз.

Күн күркіреп, найзағай ойнамады,
Жұлдыз ақты таусылып бойдағы әлі.
Есебі жоқ жұлдыздар арасынан,
Өшеді деп оны ешкім ойламады.

Жұлдыз ақты жалғанға қарап тұрар,
Ол да біздей өмірге қонақ шығар.
Оған тіпті оғын да ата алмады,
Аспанда жүрген анау қарақшылар.

Жұлдыз ақты – өзінің еркі болар,
Кіргізеді аспанның көркін олар.
Өзін осы жұлдызға үқсатты да,
Қала берді қаншама шерлі жанар.



* * *

Әдемі аруы бір үйдің,
Жолыңа жақсылық тілеймін.
Ойымнан шықпайсың,
содан соң,
Тұндерде көзіңе түнеймін.

Екеуміз кешетін мұң егіз,
Ескірген көшемен жүреміз.
Тағдырға тағамыз кінәні,
Қателік бізден ғой, білеміз.

Назыңды ансатар жүрек қой,
Нәзігім, мінезің жібектей.
Түсіне алмаймын, сен, неге,
Түсіме енесің, бір кетпей?

Мендеңі өмірдің гүлісің,
Мұңая береміз кім үшін?
Жанымда жақын бол кеткенсің,
Кеудемнің мекендереп қуысын.





* * *

Көзіңнен кірбің мұң кердім,
Сөзіңнен ұғып ұлгердім.
Мен үшін сен де жыладың,
Сені ойлап мен де жүргенмін.

Сезімнен сен де алдандың,
Өзім де оны аңғардым.
Мұңайып сен де қалғансың,
Мұңайып мен де қалғанмын.

Беріліп қатты сүйгеннен,
Жанымыз бірге күйзелген.
Шаршаған енді шығарсың,
Өзіңді-өзің сүйреуден.

Арыңа аппақ дақ салмай,
Жаныңды күтші ақ қардай.
Күтумен сыңсып тұрармын,
Біз жүріп өткен бақтардай...



* * *

Бойымда бар ма менің қырсық қылық,
Ақыл айтады ағайын ұрсып тұрып?
Өзіммен-өзім қалсам өмір мені,
Тастағысы келеді тұншықтырып.

Кінәсі бар, білмедім, бұған кімнің,
Мен әйтеуір бәріне шыдам қылдым?
Айналаны сол шығар көрмейтінім,
Ішінде адасамын тұман мұндың.

Әкем де мойымаған өжет еді,
Өжет болып өткенге не жетеді!
Қайсаrlығың әкеңе үқсайды деп,
Көзін көрген адамдар сөз етеді.

Болса шіркін, менде де асыл мінез,
Жанға батты сан күйік, жасырды көз.
Қайсаrlығым бар еді қасық қандай,
Өмірменен күресіп басылды тез.

Қандай еken өмірім қалған менің?
Қалмағандай бойымда әл-дәрменім.
Жұдышықтай жүректе шер болмаса,
Ұлы жолдың ұшығын таңдар ма едім!





КЕР АТ

Сауықшыл аймаққа әйгілі,
Құлпырған жүрісі әдемі.
Біраз жыл бермеген бәйгіні,
Ағамның кер аты бар еді.

Жүйрік еді шабатын алысқа,
Жүйткісе жар болған бір құдай.
Жараусыз қосса да жарысқа,
Жұлденің алдында жүрді ұдай.

Қалаға көшерде көріксіз,
Ағамыз кетерде бұл елден.
Қиналыш кер атты еріксіз,
Көршіге саудалап жіберген.

Пышаққа қимады себебі,
Құшақтап көп тұрды жүйрігін.
Қалада түсіме енеді,
Далада бірге өскен сүйрігім.

Жауыр боп ішінен егіліп,
Ат қалды, кетті алыс иесі.
Аяусыз арбаға жегіліп,
Қалды әне, кер аттың киесі.



Қол үзіп қалғалы жарыстан,
Малға да мінеді боранда.
Бұрынғы тізгінмен алысқан,
Байқадым асаулық жоқ онда.

Жүйрікпен біреу қой бағып жүр,
Белгілі енді оның озбасы.
Қалада көзімнен ағып жүр,
Елдегі кер аттың көз жасы.





Жапан тұзде жалғыз өсіп күн кешкен,
Карағайдай қаламыз ба қуарып.
Аң-таң болып неге екенін білмestен,
Сонау тұні екеуміз де жыладық.

Шуақ қайда төгілетін таңымнан,
Шұғылалы өзің едің, жарығым.
Қараңғы тұн, сен кеткелі жанымнан,
Жалғыздықтың не екенін таныдым.

Ести алмай егілемін даусыңды,
Саған деген сағыныштың бары шын.
Дәрменім де, шыдамым да таусылды,
Бірақ саған жібермейді намысым.

Сыр білдірмей, түк сездірмей жүрсем де,
Ішімді өртеп бара жатыр өксігім.
Онда сірә жүрмесіңді білсем де,
Жағалаудан сені іздеймін кешқұрым.

Енді осылай жетер көктем, өтіп күз,
Ұмыт мені, қабырғаңмен кеңес қыл.
Біздер әбден бауыр басып кеткенбіз,
Махаббат та, ғашықтық та емес бұл...





* * *

Шыға алмастай шырмалып шағын мұнға,
Шытынадым шыныдай шағылдым да.
Майқұдықтың мезі бол құрсағынан,
Далада өткен шағымды сағындым ба?

Түк түсінбей келемін әлі күнге,
Танымадым өмірді, таныдым не?
Қаласы бар қараңғы, баласы бар,
Жүйкемді де жүқартты бәрі бірге.

Тұн үйқысын төрт бөліп шерлі ананың,
Тірі өлігі бол алдым мен қаланың.
Ұлыған қасқырға ұқсап қақпандағы,
Қырынан қырым кеттім кең даланың.

Тас көшеге таңылып, шер жұтқан сәт,
Көздің жасын селдетем кеңдікті аңсал.
Қасіретті шекпес ек, қайғы жұтып
Қасиетті туған жер, сендік болсақ.

Кешір мені, кең дала, сүрініп ем,
Қала бізді құртады түбі, білем.
Шатыстырып алыппын шапалақты,
Тұлпарлар тұяғының дүбірімен.



ҚАСҚА ҚҰЛЫН

Қасиетті қасқа құлын,
Айналғаның ақиқат тасқа бүгін.
Жаны сұлу жануар желден жүйрік,
Жүргегінді жансыз қып тастады кім?!

Қадірінді білмей жүр жүртым әлі,
Соны ойласам жүрекке мұң тұнады.
Тас көшеге тастаған тәнін тас қып,
Маған қатты ұқсайды жылқы малы.

Сәйгүлікке балаушы ек біз құлынды,
Құлын жаным, қайтейін, жүз жығылды.
Сен өңірге ескерткіш болып тұрсын,
Мен өмірге ұстатқам тізгінімді.

Жұлқынарга асаудай қүшім құрып,
Мына тағдыр көрмеді ісімді құп.
Адамдар-ай, жатпастан түсіндіріп,
Қасиетті қатырған мүсін қылып.

Бабасының ебі жоқ ісіне кей,
Қалалық қандастарға ішім өгей.
Басқан ізім бағытсыз болып барад,
Қасқа құлын кермеде кісінемей.

Зор сенімін әрдайым артар маған,
Көз ұшында қалдың-ау, дархан далам.
Қасқа құлын, өмірге өкпе айтайық,
Қос тағдырды тар жерге арқандаған.



МҰГЕДЕК

Жұзін көріп жаны ашып жүрт елейтін,
Аяғына аямай құн төлейтін.
Балқаштан көремін бір мүгедекті,
Бірақ оның қазаққа ұлты өгей-тін.

Жете алмаған жан, бәлкім, арманына,
Үмітпенен қарайды ол жан-жағына.
Жиып алып жиганын кешке қарай,
Сүйеніп ал қайтады балдағына.

Кең құшакқа ынтығып жылы, аялы
Орыс жігіт маңайға мұңаяды.
Құнде ішерге тамағын тауып беред,
Жанына медеу болған бір аяғы.

Өзгеше өмір күтеді алыс қарап,
Енді қайтіп балдақпен бақ ұстамақ.
Көрген сайын қалтамды қағып берем,
Ол денсаулық тілейді орысшалап.

Бар қызықтан құр қалған сорлы реңі,
Құздегі гүл секілді солғын еді.
Дүресіне шыдаған дүниенің,
Денсаулықтың қадірін сол біледі.





Қайрат ИМАНБЕКОВ

Сол біледі бәрін де сол ұгады,
Оған түбі бақыт кеп жолығады.
Дала кезген емес ол мен сияқты,
Таба алмай жүр жайлы жер жаным әлі.

Сыйың бар ма ей, өмір, әлде бөлек,
Мына тағдыр қашанғы әурелемек?!
Жүргегі жоқ кезіксе мүгедектер,
Жағамды ұстап, жүремін тәубеме кеп.





* * *

(Ардақ Тойшыкеновтың рухына)

Аласартып алғандай Ақсораңды,
Жаныңнан жоғалтасың жақсы адамды.
Ақынның ардақтысы Ардақ еді,
Оның да өмір есімін «жақшаға алды».

Халық сүйген ақынның елесімен,
Сарытеректің бұлт көшеді төбесінен.
Файып болған жалғанның кемесінен,
Шатырша шығарған жоқ сені есінен.

Сарытерек ағашы өртөнгенде,
Өкініш жатып еді өр кеуденде.
Тамырыңды сақтады Тоқырауын,
Топырағы бүйірмас серті өлгенге.

Барға тасып көрмеген жоққа налып,
Ақыры, аға, жүргегің тоқтады анық.
Сарытерек ағашын еске аламын,
Өне бойым өртөнсе отқа оранып.

Сарытерек деп жырлаған сүйіп мәңгі,
Өмір өзі өртеді биік талды.
Тамырың тіршілікке жалғасса да,
Қап-қара боп көнілде күйік қалды...





КІЛТ

(Досымның әңгімесі)

Тәнге тыным бермей, мұнды

жанға артып,

Кыр соңымнан қалмай қойды аңғалдық,

Жүргімді сыйғыза алмай ауылға,

Жүруші едім қала жақты арман қып.

Менен басқа бәрі ол күнді ұмытты,

Шағын ауыл сағынышын кім үқты?

Анам мені алып келді қалаға,

Бітіргенде тоғызыншы сыныпты.

Мөлдіретіп көзінің ақ-қарасын,

Қайтты ауылға ертесіне анашым.

Тастап кетті бауырының үйіне,

Саған қамқор болады деп нағашын.

Күздің күні түсі сұық, өні – мұн,

Басталды алғаш қаладағы өмірім.

Мен аңсаған арман мұндай емес-тін,

Алып келді мені кім?

Оны айтып, жазу қын бір тілмен,

Келе сала айырылдым құлқімнен.

Абайсызда алған едім жоғалтып,

Жатқан үйдің есігінің кілтін мен.



Енді біреу тонайды деп үйімді,
Нағашым кеп маған қамшы үйірді.
Содан бері журегімді солдырыдым,
Күз қып көніл-күйімді.

Солай бәлкім, тағдырымның шешімі,
Барлығы да аңғалдықтың кесірі.
Ол үйді ешкім тонамады алайда,
Басқа кілтпен жабылады есігі.

Ал, нағашым кейін өзін оңалтқан,
Ол да байғұс дейді анам соры акқан.
Бақытымды іздеймін деп қаладан,
Көнілімнің кілтін сөйтіп жоғалтқам!





* * *

Атырып әнмен таңымды бірге,
Теңедім нәзік жаныңды гүлге,
Шаршаумен сүріп өмірді сенсіз,
Аңсаумен журмін жолыңды күнде.

Айта алмай сырмен жатқа мұнымды,
Сағындым мамық мақпал үніңді.
Жақтың да кенет сөндіріп кеттің,
Өртенген сезім от-жалынымды.

Қиялды кезген елікке айналдың,
Түсімде ғана көріп қайранмын.
Көркінді көзсіз жүрекпен сүйіп,
Еркімді сөзсіз беріп қойғанмын.

Қай жаққа кеттің бағымды үшырып,
Жалғыз бол қалдым жаным қысылып?
Амалсыз күзде қайтқан құстарға,
Басымды иемін бәрін түсініп.



HYKTE

Жабырқаулы жанымға самал іздең,
Жалғаннан бұл жақсылық барам іздең.
Қабырғада нүктеден көз алмаймын,
Қаусатса да іргемді кара құз кеп.

Сол нүктедей мені кім тұсінеді –
Ашуулансам сабама тұсіреді,
Ешкім де елемейтін сол нүктенің
Басып кетіп тұрады мысы мені.

Сыңар езу, тарпаңдау тағдырымды,
Сол нүктеден көремін – бір ғажабым.

Сол нүктеден тарқайды шерім, қайғым,
Қанжығама байлайды сенімді ойды.
Сол нүктеден көремін көрешекті,
Сол нүктеден ұғамын өмір жайлы.

Бөлмедегі бақытсыз бір нүктеден,
Тауып алдым өзімді бір күтпеген.
Қарай-қарай қайтейін, көзім жетті,
Нүкте ғана екенмін тірліктé мен.



ҰЗІК СЫР

Көктемде сезімім бүр атып,
Көңілге сен жайлы жинап ән.
Өзіңді, сөзіңді ұнатып,
Өзімді өзіңе сыйлағам.

Сезімге ілесіп сыйқырылы,
Жанымыз жарасып күн өткен.
Тағы біз шерткенбіз күй сырлы,
Әніміз айтылып жүректен.

Шуағын таратқан айдынға,
Шағалам сен едің шарқ ұрған.
Аққудай әдемі мойныңда,
Мен таққан алқа бар алтыннан.

Айналып бақытты жандарға,
Қалдырдық өткенге көп белгі.
Асығып аяулы арманға,
Екеуміз ұннатақ көктемді.





Дертіңнің дауасын тапшы өзің,
Абайсыз үзіп ең алқаңды.
Содан соң үзілді пәк сезім,
Екеуміз жек көрдік қаңтарды.

Шарам не, өртендім сонда мен,
Шаттығым жалт беріп жүзімнен.
Үзілген алқаңды жалғап ем,
Сезімді қайтемін үзілген?!



БАЛАЛЫҚ АРМАННЫҢ БИІГІ

(Мақсат Күземхановқа)

Бақытты күн, қайран менің, бал күнім,
Қызылтастың қырқасында қалды үнің.
Қайран ауыл көлеңкесіз көнілі,
Тұбі саған тұрақтайды тағдырым.

Қайран ауыл, өмірімнің гүл бағы,
Арманы асқақ, ерке мінез ұлдары.
Аспан сынды кек көрпесін жамылған,
Көз алдымаға Көрпетайдың шыңдары.

Еске салып өзегімді өртеген,
Өткен күндер, сен не деген көркем ең!
Көрпетайдан көзімді алмай тұрушы ем,
Біздің ауыл қой жаятын өлкеден.

Ол балалық арманым биігі,
Қалаға кеп тарқап кеткен түйіні.
Көрпетайдан ұлылықты үйрендім,
Аспанменен астасатын иығы.



Түа сала тауға қарап да лада,
Асқақ болу сіңіп қалған санаға.
Арманымды соған қарап өлшейтін,
Төмпешіктен түк жоқ басқа қалада.

Мен қашан да биіктікті сүйгендім,
Аласарып қалам ба деп имендім.
Анда-санда шақырмаса Көрпетай,
Көлге қарап жылауды да үйрендім.





ҰАҚЫТ

Ұысқа тұрмай үақыт,
Өтуде күнде жылатып.
Жылжуда өмір көбісін,
Аяқтан шалып құлатып.

Өтуде күндер еппенен,
Откеріп журмін көпченен.
Көшімізге де обал жок,
Басқа бір жақта беттеген.

Жұмақтай көріп жер шарын,
Ойнадым, құлдім мен шағын.
Маңып бір кеткен ұлылар,
Мені де күтер сол сағым.

Таусылып тағат, әл-дәрмен,
Таласып атқан таңдармен.
Келмеске біз де кетерміз,
Мұқандар салған жолдармен.



Алмасса көкте ай-күнім,
Көкесі мәнде қайғының.
Өлмейтін шығар өлеңім,
Бақытым – жалғыз байлығым.

Сынаптай сырғып күн өтіп,
Барады жанды жұдетіп.
Аяқтатады өмірді,
Аяққа киген бір етік.



ҚАЙДАУЫЛ-ШЕРУКЕ

Жазылып бітпеген жарасы,
Тоқырауын-Нұраның сағасы.
Қайдауыл-Шеруке, Қызылтас,
Кеңсазға көз тігіп қараши.

Тарихы тамырлы одан да,
Бұдан да ертерек заманда.
Шеруке аруға ғашық бол,
Бір жігіт адасып боранда.

Тұлпардан босамай тақымы,
Ажалдан аса алмай ақылы.
Шеруке! - деп басып айқайға,
Сол жерде өліпті ақыры.

Сол ауыл Қайдауыл атанған,
Мен мұны естігем атамнан.
Сүйгенін іздеген шахардан,
Ел-жүртқа ер жігіт қаһарман.

О, қайран, туған жер, қойлы ауыл,
Шежірең сақтаулы ойда ауыр.
Адасып жүрмін мен алыста,
Қайдауыл-Шеруке, қайда ауыл?



ПОДЪЕЗД

Естелігім қалған жалғыз сол күннен,
Айдан артық, көркем едің, сен, күннен.
Кербездігің кекіректі күрмейді,
Сүюге де бата алмаймын ерніңнен.

Сол саттердің басты рөлін сомдаған,
Саулем, сенің еркелігің сол маған
жетіп жатыр, ештеңе де демеші,
Мен болайын дүниеде сорлы адам.

Үндемеші, құшағымда тұра бер,
Екеумізді көтереді мына жер.
Көздеріңді төңкеріп бір қара да,
Тағы бір күн мені арманда қыла ғер.

Тағы бір күн сағынышқа бөлеши,
Күндеріме көз жұмбайын мен осы.
Сенің қолаң шаштарыңа шырмалып,
Асығайын кездескенше келесі.

Өзіңді ұдай күтүменен өтер күн,
Саған арнап сезім гүлін әкелдім.
Бақытты боп өтер едім мен болсам,
Күзетшісі сен тұратын пәтердің.





* * *

Неге жылай бересің, сен, неліктен,
Құр қалдың ба бақыттан пендे күткен?
Бойдақ күнмен мендегі өлген бірге,
Ойнап-күлгөн сәттерің еркелікпен.

Мұнаясың тұнжырап, сен, неліктен,
Арманның атар таңын мен де күткем.
Мағынасыз тірлікте мән қалмайды,
Сүйгеніне қосылса пенде біткен.

Көңіліңді босаттың неліктен, сен,
Мениң көрген күнімді көріп көр, сен.
Шыдамымды бойдағы шайып өтер
Көз жасыңа салғана ерік берсең.

Көңілге алма кездерді көктемдегі,
Өкінішке толтырып от-кеуденді.
Сезімге енді берілме, жылама, сен,
Өзінді ойла, одан да жек көр мені!



* * *

Тақап қалған тұс еді күз бесінге,
Жүрек басқа сынарын іздесін бе?
Алғашқы кездесуді еске алғанбыз,
Соңғы рет жүздесуде.

Көктемімді еріткен от демінде,
Сәруар бал сезімім кетті ерінде.
Бәрі бітті дегендей көзді жұмдың,
Соңғы рет өпкенімде.

Мен сені ұмытқан ем шын, жасқанба
Құстарды іздең қарайсың мұңлы аспанға.
Жыламсырап жыраққа ұшқың келді,
Соңғы рет сырласқанда.

Күзден кейін бөленер дала қарға,
Қардай аппақ жол берсін саған Алла.
Сарғайған жапырақты жұла бердің,
Соңғы рет қарағанда.

Сары жапырақ теректен төгілгенде,
Сағыныш ұялайды көнілдерге.
Көз жасыңды сүрткейсің жапырақпен,
Соңғы рет егілгенде.

Соңғы рет қауышқанда,
Шыдам менен төзімді тауысқанда.
Күнін белгілемеппіз қоштасудың,
Ең алғаш танысқанда.





КҮЙ

(Мағауия Хамзинге)

Тұсінгенге Алланың бүйрығы деп,
Күмбірлі әуен дүние, күй – құдірет.
Кеудемде бір күй жатыр күмбірлеген,
Домбыраның дауысын сүйді жүрек.

Шер тарқатып үнімен шертпе күйдің,
Дауа болған домбыра дөртке кей күн.
Күйкі өмірден жауыр боп жүргеннен бе,
Бұрынғыдай бестімді ерттемеймін.

Сүйіне ме, қапа боп күйіне ме,
Бұзылады көңілдің күйі неге?
Жүргегіме сыйдырғам сол мұраны,
Үйсіз-күйсіз жүрсем де дүниеде.

Осы неге мен мұнда күй кешемін?!
Күйзелмеудің табар ем қылы есебін.
Топырағы болмаса тұған жердің,
Домбыраның дауысын сүймес едім.



Көңіліме мұңдардың көші шекті,
Күймен ғана күйретем осы шепті.
Қайдауылдан құлаған қос өзендей,
Қасиетті домбыра қос ішекті.

Шер тарқатар домбыра, дертке – дауа,
Оранғандай өзекте өртке дала.
Кеудемде бір күй жатыр сағынышты,
Алыс ұзап ауылдан кеткелі, аға.



* * *

Бекер бізге сүйсініп ел қарады,
Екеумізге жазылмаған бір тағдыр.
Сені аңсаған жүрегім бұл жаралы,
Өзің жайлы толғататын жырға әрбір.

От демінді ұмытамын мен қалай,
Откенінді ұмыттың ба ұнатқан?
Өзгеше өмір бастай салу енді онай,
Көктеміңе көзді жұмып жылатқан.

Кетіп едім, жіберіппін күзге есе,
Өтінемін құс жолынан көшінді үз.
Жүрегіміз бірін-бірі іздесе,
Өмір бойы қиналадым сосын біз.

Сағынысып қосылсақ қой – тілегім,
Алып-ұшып саған қашан жетемін?
Мениң ғана біледі тек жүрегім,
Сені сую – өмір сүру екенін.



ӘКЕ

Күніренсем бұлтқа еріп үнім көшіп,
Белшемізден жалғанның мұңын кешіп.
Мұңданып отырамын, әке, сенің,
Мына күн – қаза болған күнің, - десіп.

Сездірмesten жанының ауырғанын,
Бұл өмір қылды емес пе жауыр бәрін.
Басыңа кеп жүр ме екен еслі анам,
Молданы ертіп алып ауылдағы.

Көзімнен жүргенімде сорым ағып,
Бауырларың тіледі жолыма құт.
Бір жылап алар бәлкім қарындастың,
«Тоқырауын тынысын» қолына алып.

Жұдышықтай жүректі күз жылатып,
Үмітімді дәрменсіз үзді үақыт.
Бақандай жиырма екі жыл өтіпті,
Жиырма екі жыл жатсынып бізді бақыт.

Әке болдым, жар тербеп бесігімді,
Ұлым маған әке дейді – есі кірді.
Жүрегімнен қалайша өшірейін,
Өзінді еске салатын осы күнді.

Жанымды өртеп дәрменсіз мұң-күйікке,
Қалай жатсың таңылып бір бейітте?!

Қабірің жердің асты болғанменен,
Қадірің ұлың үшін түр биіктे.





* * *

Апақ-сапақ дүние бұл дүрбелең,
«Ерма» онда шығып келген түрмеден.
Жарты өмірін темір торда өткізген,
Сол жігітпен сыр бөлістім бірде мен.

Айтып берді ол, бар тағдырын, өткенін,
Темір торда қалай азап шеккенін.
Тар құрсақтан кеңдік көрмей

шыққан соң,

Тұн түнекте бар өмірі кеткенін.

Мені мұлде ұмытқан деп ескі жүрт,
Мұнын айтып күрсінген ед көшке ұлып.
Құлағына азан даусы естіліп,
Көз алдында бара жатты кеш кіріп.

Қарағанды шаһарын мен жол қылышп,
Көшетін жыл, өмір-өлең соңғы ұміт.
Екі кештің арасында жүрегі,
Тоқтап қалып көз жұмыпты сол жігіт.

Көшіп кетті ол мәңгілік түрмеге,
Көшіп кетті, көрге кіріп бір дене.
Ол өлеңге ғашық еді өлердей,
Біз өмірді ұғынбаймыз шын неге?

Арман жайлы өлең оқып берген ем,
Жалған жайлы өлең оқып берген ем.
Ажалаға адам тұтқын болады екен фой,
Жүректегі жазылған соң соңғы өлең.



* * *

Сүрініп тұяқ кеткенде,
Жағың да жаңылысады.
Досыңдан үят кеткенде,
Басыңдан бағың үшады.

Біз, аға, қалай шыдаймыз,
Ызаға толған іш, кеуде?
Сүйейтін жан табыла ма,
Сүйекке таңба түскенде.

Ар үшін тапталды тағы,
Намысым надан адамға.
Ішіңнен күйіп-жанасың,
Сыртыңдан табалағанда.

Шындықтың беті ашылмаса,
Өсекке айналғаны ма?
Тұлпардың құлағанынан,
Есектің бәйгі алғаны ма?

Қораңа түседі бері,
Терісін қойдың жамылып.
Басыңа шығады дүшпан,
Өтірік қойныңда жүріп.

Ар үшін тапталды тағы,
Намысым надан адамға.
Ішіңнен күйіп-жанасың,
Сыртыңдан табалағанда.





* * *

Ат жарысқа барайықшы, - дейді ағам,
Мен сияқты оны да өмір қинаған.
Тұлпар аз ба бәйгесінде тірліктің,
Кең дүниенің маңдайына сыймаған!

Құба белде құлаш жайған құла анау,
Дүйім жұрттың алдына кеп құлады-ау.
Иесі жүр һас жүйрігін айналып,
Жас баласы жүген ұстап жылады-ау.

Жабыларға қоспаңдаршы бекер үн,
Өмір өзі берер оның өтеуін.
Ат жарысқа бармағандар білмейді,
Ат жарыстың атақ жарыс екенін.

Дүбірлі бел, бетегелі боз далам,
Жабырқаған жанның мұңын қозғаған.
Атақ қуар ниетім де жоқ менің,
Атқамінер аман болса өз балаң.

Ат жарысқа барайықшы, - дейді ағам,
Тұлпар аз ба дүниеге сыймаған.
Сені сүйем тұяғымен тұлпардың,
Күмбірлеген қасиетті күй далам!





* * *

Темір де сынар төзімді деген,
Жанымыз неткен сірі еді!
Айнадан ылғи өзімді көрем,
Өртеніп тұрған жүрегі.

Жалтақтап жүртқа жер бауырламай,
Тіксінген жанның бірімін.
Жүрегім менің, сен дамылдамай,
Биіктемейді тұғырым.

Қайдасың менің төзімді кезім,
Өмір ме мынау ерегес?!

Жұбату үшін өзім-өзім,
Жылаған сәтім кем емес.

Темір де сынар төзімді деген,
Жанымыз неткен сірі еді?!

Айнадан ылғи өзімді көрем,
Өртеніп тұрған жүрегі.

Жеркеніп тұрған жүрегі.



Қайрат ИМАНБЕКОВ

ЖҰМАТАЙҒА

Аумайтын тұрқы кенежиреннен,
Кім ұғар дейсің күйінді?
Адамның бәрі сенен үйренген,
Ару мен жырды сүюді.

Өзіне ұқсаған тілегі де өлең,
Фашық бол жүр ғой көп ақын.
Жұматайдың тек жүргегі дер ем,
Ләйлә деп қана соғатын.

Күніреніп күйің қоңыр күзбенен,
Жырға айналдырған уақытты.
Өзге жүректен өмірді іздеген,
Тарыдай менен – бақытты.

Шын сүйіп жүрек ұнатқанымен,
Жұматайды оқып білер ем.
Көнілің жардан құлатқанымен,
Медеу болмай ма бір өлең.

Болмыстың бәрін жазады ма өлең,
Жетегіне ердім сол жырдың.
Ләйлані сую азабы менен
Ғажабы шығар тағдырдың.





Сезімнің жағып шырағын мұзға,
Жыр жазу үшін өрелі.
Жұматай құсан бір ару қызға,
Ғашық болсын ел аүелі,

Жаутаңдап енді Ләйлә қарайды,
Ұқсаған Айға білегі.
Жұмыр Жер болып айналады Айды,
Жұматай жырдың жүрегі.



ӨРТ

Шілде ме еді, жоқ әлде, тамыз ба еді,
Кеше ғана болғандай тәрізді еді.
Өрт ішінде көз жұмды біздің көрші,
Дерпті ішінде, байғұстың жаны ізгі еді.

Өзі оңып журмеген кәрі кісі,
Жанын оның жалмады жалын ұшы.
Отбасы-ошағының сыйқы қашып,
Оралмап ед басына бақ-ырысы,

Шебі шүйгін, даламның бауыры бай,
Өрттің бетін алушы ед ауыл ұдай.
Жаны-тәні сол күні отқа оранды,
Байғұстың тағдырының ауырын-ай.

Өлім құшты, шырылдаپ ел жылады,
Шықпай қойды жадымнан сол жыл әлі.
Тәнін тастап жаны ұшып кетті-дағы,
Тәні күлге айналып, солды бағы.

Ала жібін біреудің аттап өлсек,
Таразылар күнәнді ақ-қара өлшеп.
Жәннұттық болар ма екен сол көршіміз,
«От пен судан, тәнірім, сақта!» деуші ед.



Жаныңды алар жалғанның өрті күшті,
Бір қайғы кеп ұласты дертіме ішкі.
Азабын мына өмірдің көзбен көріп,
Тозақ отын ойлаймын – қорқынышты.

Көңіліме мың түрлі күй кіргенде,
Өмірім бе – Алладан сый, білгенге.
Жанымды қоятуғын жер таптаймын,
Өлең өрті жанымды күйдіргенде.

Киындыққа ешқашан жеңілмеген,
Көрге барып құлады көңіл дөнен.
Адам жаны бақыға көрші болып,
Өртке ұласып кетеді-ау өмір деген,



БАТЫР БАБА ЕСКЕРТКІШІ

Найзасымен сүйенген намысына,
Қазақтың ерлерінің жаны сірі, ә?
Ер бабасын ұмытпас халық әркез,
Кең даласын қорғаған жанұшыра.

Қаның судай акқанда кеңірдектен,
Қалың еді, қазағым, сорың неткен?
Батыр туған бабам-ай, ал әйтпесе
Күнде адам өлтіру өмір деп пе ең?!

Өмір деп пе ең күн кешу қан майданда,
Ат шалдырып ар үшін шалғайларға?!
Болмысына бақ беріп батыр деген,
Сорын қатар жазған ғой маңдайға Алла.

Батыр болу оңай ма заманда сол,
Жұртым жылап жатқанда,
санамда – шер.

Ерлігіңе ескерткіш орнатты ғой,
Есіміңді ұмытпас аман болса ел.

Кеудесіне үміттің отын жағып,
Байтақ даала күш берер батырға анық.
Туған жерге орнады тас мұсінің,
Тарихыма алтынмен атың жазып.



Ескерткішің – ол сенің тас тұғырын,
Біз сонда кеп шырқаймыз достық үнін.
Осы маңда жүреміз серуендең,
Арулардың Ай сүйіп қос бұрымын.

Батыр ұрпақ келсін деп босағама,
Үйленсек біз келеміз осы араға.
Есіміңмен ерлікті қатар қойып,
Көрсетуге асықлыз дос, ағаға.

Батысқа жүргендер-ай босқа еліктеп,
Балқашта да білгенге кеш көрікті ед.
Суретке кеп түсеміз достарменен,
Ескерткіштің түбінде естелік деп.

Батыр баба – Ағыбай бағым, арым.
Мұсініңнің өзі де саңылағым.
Қуанышқа толтырып түр ғой әр кез,
Ұрпағыңның көтерген шаңырағын...



ҰЛЫМА

(Сұлтанәлігे)

Тұрмысымызды бермеді тағдыр түзетіп,
Мейлі оған енді кетеді тағы күз өтіп.
Сен үшін ұлым, жасай алмай бір

жақсылық,

Отырмын үнсіз үйқында сенің күзетіп.

Кешірші ұлым, көрпемнен бөлек

көсілдім,

Ешкімім жоқтай есерсоқтармен есірдім.
Мен туған ауыл әкемнің туған жері еді.
Сайқал қалада санамнан да оны өшірдім.

Кешірші ұлым, әкене мына нальма,
Ойнайсың кейде қамшыны алып қолыңа.
Арғымақтарын көрсетер едім даламның,
Ауылға қайту бүйірмай қойды бағыма.

Кешірші ұлым, құлдыраңдаған құлыным,
Құлыным менің, құлынға ұқсас қылышың.
Татарсың кейін бұлақтың мөлдір

тұндығын,

Көрерсің кейін әкемнің қазған құдығын.



Кешірші ұлым, қамап қойдым ба
тар жерге?
Ақша табам деп әуреге түскен әр пенде.
Өзінді ертіп ап, кеткім-ақ келеді ауылға
Ақкөңіл жанның барлығы, ұлым,
сол жерде.

Кешірші ұлым, жалғыз-ақ қана
байлығым,
Қыр ішінен бір, естілер ме екен
сайда үнің.
Салт-дәстүрімнің сынығы қалған ауылым,
Тоқымқағар деп мінгізер саған
тай-құлым.

Кешірші ұлым, қаладан мынау
қаша алмай.
Құр сөлім қалды – батады теріс
қашанғы Ай.
Тұған жер жаққа телмірем көзден
жас ағып,
Құлыныменен құрыққа түскен асаудай.





ҚАЛА МЕН ДАЛА

Қажытып бітірген әр үміт,
Көрсөң гой дәл осы сыйқымды.
Ауылды жүргендеге сағынып
Балконнан тағы да ит үрді.

Көрінген көк итке таланған,
Қаңғыбас пендеге не шара?
Қаранды қапасқа қамалған,
Өз үйі секілді осы ара.

Мойнында қарғыбау, қараши,
Сол итке сол – саұап, сол – айып.
Жанының ыза мен наласы –
Қанының кеткені қарайып.

Жұндей бол жүқарған жүйке бұл,
Бәрінің кеткендей көші ұзап.
Тар жерде сүргізген ит өмір,
Жалғаннның не деген кеші ұзақ?!



Зәулім үй аспанмен астасқан,
Армандар секілді тым биік.
Кеудемнің ішінде бас қосқан,
Тұбіме жетеді бұл күйік.

Тар бөлме, бір қадам балконы,
Бауырға басатын жоқ құшақ.
Қоқыста дүкеннің картоны,
Кешкілік жанады от құсап...



БҮҚАР БАБА

Өсек пенен күбірден тұтанды дау,
Етекте еңбектеумен мұқалдым-ау.
Дұрыс бағыт көрсетіп, жол сілтейтін,
Алашқа керек-ақ бір Бұқар жырау.

Ақын тұрып бұл күнде әкім сөйлер,
Батырды емес, пақырды батыр дейді ел.
Ауызына қаратқан жалған сөйлеп,
Алдыңды орап кетеді ақылгөйлер.

Тосқауыл бол қазақтың мұн-зарына,
Бұқарлар-ай, түсірмес кірді арына.
Халықтың сүйіктісі болып жатыр,
Сүйенгендер тек қана тіл-жағына.

Бұқар баба, түрленді мына қоғам?
Пенде біткен бір-бірін кіналған.
Еркегі де жылады бұл қазақтың
Жетімі мен жесірі жыламаған.



**Қалың жаудан қорыған дағаны ұдай,
Сенен кеңес сұраған хан Абылай.
Тәліміздің саудасын бітіргелі,
Дініміз де басқа дін, жаңа құдай.**

**Дала мүшкіл, онсыз да жұтаң қала,
Базардағы ауысты құт арбаға.
Қазақ, қайда барасын, нең қалды енді,
Ақыл сұрап кім қалды, Бұқар баба?**



АҚТОҒАЙ

Тұлпарына самаған тұсамысын,
Сұнқарының Ақсораң ұшар ұшы.
Ақтоғай мен Алашқа алтын діңгек,
Арқалаған ел жүгін үш арысы.

Әлем аузын аштырған ән-ғұмыры,
Топырағында туылған тағдыры ұлы.
Шартарапқа шайырлар жаққан шамның,
Жұдышықтай жүрекке тамды нұры.

Қойнауы жыр туған ел, құндағы құт,
Тербеледі Тоқырауын түн жамылып.
Тепкілеген тексізін елден қуып,
Тектілерін көтерген тұлға қылып.

Күйін шертпей бұл елдің, жырын ұқпай,
Бұйырады бойыңа ұлылық қай?
Алатаудай арманды еңсеріп ап,
Жыландыдан аттаным жұдышықтай.

О, Ақтоғай! Бесігі күй мен жырдың,
Біздегі бұл иесі күйбен құннің.
Шоқыларыңа сәжде қып маңдайды ұрып,
Топырағынды тізерлеп сүйген құлмын.



* * *

Жаным үйып тұрады мұнды әуенге,
Себебі мен жалғызбын құллі әлемде.
Қасіреті жүректің қаламсапта,
Тауқыметі тағдырдың тұрды өлеңде.

Көңіл кейде көктемнен іздесе үміт,
Жапырақ боп кеткенмін күзге сіңіп.
Жарға апарып тірейтін түбі мені,
Жалғызаяқ жол жатыр, із кесіліп.

Мұн ба, жыр ма, білмеймін торығу тек,
Тұрып алды жолыма, қолы күрмеп.
Үзенгімнің кетсе де жібі үзіліп,
Үмітімнің келемін шоғын үрлеп.

Мен сияқты көзінен жас парлаған,
Кең құшағын ашады аспан маған.
Бір жұлдызда жарқырап тұр, әнекей,
Мениң мұңсыз өмірім, басталмаған.





ҚАРА ТОРҒАЙ

Тас төбеден күн сырғып түс ауғанда,
Он жастағы балаға тұсау бар ма?
Далада өмір өзгеше болғаннан ба,
Бала көңіл құштартын құс аулауға?

Балалық қой жүретін ентіктіріп,
Итке берер ойда жоқ жемтік қылып.
Тасжүрек те емес ем торғайларды,
Таспен ұрып жығатын мертіктіріп.

Кететіндей шідерін үзіп керіп,
Шыныменен біз солай бұзық па едік?
Тегенениң астына жемді шашып,
Торғайларды аулаймыз қызық көріп.

Мал-жанына әлі де апармаған,
Алып беріп арпасын ат арбадан.
Алақаның ұытты ұстай берме,
Балапаным дейтүғын атам маған.

Қолға тұскен кішкентай қара торғай,
Қаламайтын біздерден қанаты ондай.
Қара торғай есіне түседі екен,
Қалтыраған кезінде қалада онбай.



**Есімде әлі сол сәттер неге менің?
Балапан күн ішінде тегененің.
Қармағыңдан құтылып кеткен күнге,
Аржағынан қарайсың терезенің,**

**Көзінді де сүрте алмай жасаураған,
Күнің құрсын түнімен маса аулаған.
Қоғалымды сағындым сол аүылды,
Қатайғалы қанатым осы ауладан.**





* * *

Қастық қылған көзге ілмей жан баласын,
Мениң бабам имеген ханға басын.
Арманына жетелеп арда Алашын,
Айналдырған пейішке паң даласын.

Дүшпандына қылдырмай әр күн сауық,
Малын айдал әкеткен халқын шауып.
Кермедегі мініпті нас жүйрікті,
Кеудесіне кигенде алтын сауыт.

Ортасына шыққанда күнде алаңың,
Шақ келмеген батыры бұл ғаламның.
Аттиланың атағы Айға жеткен,
Ғасырына жүгінсем ғұн бабамның.

Үкі таққан найзасын қолына алып,
Жаудың ішін барады тағы жарып.
Епсіздердің майданда жанын алып,
Тексіздердің тағын алып.

Батыр бабам тарихтың төрінде жүр,
Елім үшін бас тіккен өлімге бір.
Азаттыққа айналып өмірде бұл,
Абылайдың ұраны көгімде жүр.





Көгімде жүр – мен соған мән беремін,
Кисынына көз жұмып әлдененің?
Ұлысынан айналдым ұлтарақтай,
Қылышынан қан тамған хан Кененің.

Оғыландар төккенде Отан деп тер,
Отқа күйсін арсыз хан, надан бектер.
Әрлік, ерлік, мәрттіктің басында тұр,
Айырылған басынан Махамбеттер.



ТӘТЕ

Тағдырымның түзеп берген қатесін,
«Айкүн» деген емес маған жат есім.
Сәл жүдесем өңі қашып мен үшін,
Сауықсын деп саұмал берген тәтешім.

Әр кез мені адалдыққа жетелеп,
Әбігерге түскен түсың өте көп.
Төрдің сәнін тұра-тұғын келтіріп,
Өз қолыңмен басып шыққан текемет.

Ақылыңмен бойындағы басты ілім,
Жетік білдің даланың салт-дәстүрін.
Сырға толы сырмақпенен сен тіккен,
Құс жастықта өтіп еді жастығым.

Ауыр тағдыр өткерсөң де ауыр күн,
Ақжалаулықты ажары едің ауылдың.
Ең бірінші өзің түрдің өтінде,
Маған төнген талай дүлей дауылдың.

Тобылғының майыменен күбі ысталап,
Ойға шомып отыратын тыныш қап.
Өзің барда таусылмайтын несібем,
Өзің барда ортаймайтын ырыс-бақ.





**Көрпө тігу ісіне де шеберім,
Аяқ-асты әкетті ме сені өлім?
Тасқа түнеп тоңып жүрмін, тәтешім,
Енді кімге сенемін?**

**Соның бәрін кеш ұқтыйм,
Кеш үққан соң бақытымнан кешіктім.
Мен бөлөнген айдалада қаңырап,
Желмен ғана тербеледі бесік түн!**



Айта алмай досқа шер мен мұн,
Маңдайға таяқ тиген көп.
Ескіріп жүрген кеудемнің,
Ескі үнін тағы сүйгем жоқ,

Күйбен де, күйбен күн өтіп,
Шерте алмай жүрмін күйімді.
Жанымды жалған жүдетіп,
Жазғаным жатқан үйінді.

Түкірем сосын отқа сан,
Тұнілем тіпті түрлі ой кеп.
Өзімді-өзім тоқтатам,
Жүрегім соғып жүр ғой деп.





АНА СӨЗІ

Үш балапаным бағым ба, алде сорым ба,
Ер жетті міне, еңіреп қалмай соңымда.
Ағаң мен әпкең өз күнін өзі көріп жүр,
Қыраным, ал сен, қаласың менің
жанымда.

Караша үйің қалмауы үшін қаңырап,
Жайқалшы, ботам, теректей терең
тамыр ап.
Қанағат, балам, қатардан қалмай
есейдің,
Аманат саған әкенінен қалған шанырақ.

Көшейік деме өзгеше туған өренім,
Осында тудым, осында онда өлемін.
Жалғыз жанымды жыраққа кетіп
жыллатпай,
Жақсы әйел алып, жанымды нұрға
бөлегін.

Желікпе босқа еріксіз еріп қиялға,
Қалаға барсам төрт қабырғаға сиям ба?
Төсінен кетпей барқыт даңыншың,
Құлымым,
Несібем өзің, есіп-өн осы үянда.



Жаратқан ием көсегемізді көктеткен,
Өзіне алып әкеңді, бізден шеттеткен.
Ырысқа бөлер сүт кенжем едің,

сен менің,

Жұмыс та берер жырсүйер елің
мектептен.

Ауылға барсам осылай дейді анашым,
Қалаға қимай далада өскен баласын.
Мен деген, ана, тұлпардан қалған

түяқпын,

Білесің – жылқы тастап кетпейді
даласын.



БАЛҚАШ

Балқашты көлде бұралып өскен,
Бабаның бүл жер мекені.
Тектінің кеше тұрағы көшкен,
Бағаңа кімдер жетеді!

Жалпақ ел келіп жағалай қонған,
Жылуы болдың жалғанның.
Досына көңілі даладай болған,
Дархандығыңды аңғардым.

Жағаны ұрып тулаған толқын,
Өткенің мүлде сенгісіз.
Шағала құстар шулаған сол күн,
Оралар ма екен белгісіз.

Кетті ме кейін алыстал арман,
Мұржасын көріп мансаптың.
Жолбарыс түгілі қамыста қалған,
Көрмейміз ізін қарсақтың.

Бағыңды кімдер ұшырды желмен,
Баянсыз бұлдыр бес күнде?
Құсыңды көрмей, мысыңды көргем,
Пайдасыз бірак, ешкімге.





Сол себептен бе сендергі белес,
Жанымды жүр-ау тілгілеп.
Өлеңім қалсын, еңбегім емес
Ұрпаққа мәңгі үлгі бол.

Таусылар бір күн жердегі несіп,
Жанымды салман азапқа.
Жетілуі үшін ертеңі өсіп,
Өлеңім қажет қазаққа.

Көркем қып жырлап Қекше теңізді,
Сыр бағам мінсіз қалпынан.
Сондықтан болар көксеген ізді,
Қалдыру үшін талпынам.





БАЛҚАШ

(Екінші өлең)

Тұнығынды тексіздер ластады анық,
Қайратынды қайтесің тасқа жанып.
Қарашиқта Балқаштың көлі жатыр,
Жанаарымнан үзілер жасқа оранып.

Тұнде ғана шағатын мұңын Айға,
Шалқар көлім секілді тұнық айна.
Қыс өткелі қайрылмай, құс кеткелі,
Жақынға да жүргегің жылымай ма?

Жігерімді құм қылып жасытты сор,
Қайғын аздай үстіне қосыпты шер.
Темірдің қызында бақыт бар ма?
Өмірдің қызығынан асып түсер.

Көңілдің көгінде тұр сұйық мұнар,
Кекірекке мұң менен күйік тұнар.
Алқымымда алқынған көлдің өзі,
Көздің жасы екенін жиі үқтырар.

Жат біреулер қанынды таңдал ішті,
Жағасына жармасып қол қарысты.
Намысынды өлтірдің, орға жығып,
Камыстағы ақырғы жолбарысты.



Қала күбір жоқ онда, далада үміт,
Тулағаннан не қайыр жағаны ұрып.
Тәніңді де тоздырған қарабасқыр,
Тебендеңгі үйірілген қара бұлт.

Өзін-өзі өксіткен мыс орданын,
Аяғының аяймын тұсалғанын.
Көлін тастап құстары қалай кеткен,
Сағыныш па, алысқа ұша алмадым?!



* * *

Барды жоқ, жоқ қылар барды Құдай,
Осы да өмір ме басқа салған?!
Құміс жал, керқасқа тағдырым-ай,
Тағасыз тауға да, тасқа салған.

Жанымда жүргендер жауыз біткен,
Қолдашы, қорғашы арды, Құдай.
Сүрініп су ішкен ауыздықпен,
Құміс жал, керқасқа тағдырым-ай...



Бас сауғалап бір үйден бір, бір үйге,
Бой алдырып алам ылғи үрейге.
Маған да өлім келетінін білемін,
Адам тегін бейіт басына түней ме?

Ақсак қойдай қалып барам көшімнен,
Жүргімді шайып аққан жасыммен.
Жиырмасыншы ғасыр келсе түрім бар,
Тегі жылап көрісетін Қасыммен.

Белім шықпай жатып ескі бесіктен,
Бақытымнан қалай ерте кешіккем?
Жұматайдай жалға пәтер іздеумен,
Жалғанға да, арманға да өшіккем.

Бауырлардың құшағына бауырмал,
Кету керек шығар бізге ауылға әр.
Сор басыма бір бейнет бар жабысқан,
Білетінім ол жерде де дауыл бар.

Баспана ма ең керегі жанға бұл,
Сор маңдайға жазылғаны сол ма ауыр?
Келген жерім баар жерім белгілі:
Тар құрсақ пен тар қабір.



ДОС

**Киналсам болды – қасымнан менің
табылар,**

**Куанышымда құрақ ұшатыны тағы бар.
Достарым менің бір-бір дастанға лайық,
Далада туып, далада өскен тағылар.**

**Азұын Айға білеген кілең арландар,
Ауыздықпенен алысып жүрген
тарландар.**

**Аузына елді қаратқан өнерлерімен,
Алайтөс балуан, шетінен биік заңғарлар.**

**Қабырғалары қайыспас әркез нар бәрі,
Қадірін білер алтындарының қолдағы.
Достарым менің – бір-бір арудың
жарлары,
Дүниедегі барлық арулардың да арманы.**

**Достарым менің әзілге құмар көңілі,
Жетістіктерге жете алмай қалсам мен ірі.
Мұңайған сәтте мерейімді кеп өсірер,
Сендерден асқан бақыт бар ма екен
ен ұлы?**



ЖАЗЫЛМАҒАН БІР ӨЛЕҢ,

Жазылмаған жүректе бар бір өлең,
Үмітін үзген тіпті мәңгі менен.
Сол өлеңге айналам немесе мен,
Сол өлеңнің соңында қаңғып өлем.

Ей, өлең, жазылма, сен, қал ішімде,
Береке жоқ онсыз да әр ісімде.
Жанталасқан жоқ едім жан үшін де,
Арпалысқан жоқ едім ар үшін де.
Жазылмай жүрші осылай, жан ішінде.

Жабыққанда жалғаннан жүдегендеге,
Ішімде жүр татисың мың өлеңге.
Сені бір күн жарыққа шығарамын,
Уақыты кеп соны өзің тілегендеге.

Әзірге айнала тұр мұндастыма,
Күтесің азат болар күнді асыға.
Жазмышыма жазылған соңғы болып,
Соңғы өлеңсің бақ болар бір басыма.

Жазылмағын бағаңды кім береді?
Мениң жаным сенсіз де күнде өлеңді.
Екеумізге орын жоқ жер бетінде,
Пешенесі пендениң кірлегелі.
...бір өлең бар ішімде жазылмаған
Жазықсыз жан секілді түрмедегі.



ЖАЛАҢАШ

Ақ самал есетін қырынан,
Басқалар білмеймін не дейді?
Мен сені жұмақ деп ұғынам,
Аяулы ауылым, мерейлі.

Құстарға әнімді салдырып,
Ұстауға дайынмын түйнің.
Бұрын мен көшөндеге сән құрып,
Ұлыңмен бірге ішкем ұынды.

Ауыл-ай, аңсатқан алыстан,
Өзінде қалыпты тәтті өмір.
Жұлдызың жымыңдағарыштан,
Балықтыбұлағың ақ, көңіл.

Шоқылар кіргізген шырайын,
Бектері бақыттың мекені.
Өзіңе табынып Күн-Айың,
Аспанда мың тағзым етеді.

Мен сүйген еңселі тауының,
Бауыры жайқалған қарағаш.
Жүрегім өзіңсің, тілегім,
Жауһардан жаралған Жалаңаш.





ЖАЛҒАН ӘЛЕМ

(«Мой мир» әлеуметтік желісі туралы)

Тағдырдың қара әлегін,
Онда да жоқ еш дәнеңе.
Бір бөлек сенің әлемің,
Менің әлемім және де.

Өзгертер күзде гүлше өңін,
Түсінбейм сені кейде осы.
Жан-дүниенде жүр сенің,
Бейне бір жанның бейнесі.

Өзім де соған сай едім,
Құлыптап сен бе тастаған?
Менің әлемімде – әдемім,
Сенің әлеміңде басқа жан.

Әлемде мына не сұмдық,
Айналып кеткен жұмаққа?
Бір-бірімізді кешірдік,
Сен жоқсың менде бірақ та.

Достықтың жояр білсе емін,
Сен енді мені сүймеші.
Жан-дүниенде жүр сенің,
Бейне бір жанның бейнесі.



ЖЫЛАМАШЫ

Ғашықтардың басында бар нала-мұн,
Егілмеші, ерке елігі даланың.
Жұдышықтай жүрегімді жылатқан,
Кейімеші, күйім осы, қарағым.

Кешір мені, сзып таста сен сол бір,
Қасіретті күнімізді ең соңғы.
Өз басыма келетінін түсінбей,
Көз жасыңа қарамаппын мен сорлы.

Налымашы, сәтсіз екен сезім кей,
Түндерінді төрт бөлдің бе көз ілмей?
Бақытыңды аяқ асты таптаған,
Бақытсызды кешірмеймін өзімдей.

Оңай сені бөлеп кеткен бар мұнға,
Кінәлімін, күнәм да бар алдыңда.
Өзім іштей азабымды тартамын,
Өкінбеші, өкпелеме тағдырға.

Енді өмірде мендей жанды армандал,
Үміт үзбей күте берші алдан бақ.
Жандырмасын мейлі менің бағымды,
Жұдышықтай жүрегінде қалған дақ.
Сен, жыламашы.



Жылдан-жылға, анашым, әлің құрып,
Бок дүниені қайтесін, жаныңды күт.
Сенің маңдай теріңді ақтамадым,
Биіктерді келсем де бағындырып.

Қала жакқа қуасың баланды кеп,
Қаласың деп, ауылда қараңғы бол.
Қиналамын тәніме жаным сыймай,
Үй жағыңды естісем қар алды деп.

Тұзде ереккек айналып, үйде әйелге,
Тұған жерді жүрмісің қимай елде.
Өміріңді ұсындың өнеріме,
Өлең емес, жазғаным шимай өңгे.

Бұл қаладан қайтармай үш баланды,
Қолмен қүреп жүрмісің қыста қарды?
Наданмын ғой, ал сенің адалдығың,
Маңдай терің тамған сол тұста қалды.



* * *

«Қаздар қайтып барады тізбектеліп»
МҰҚАФАЛИ.

Қасиет па екен Қарасаздағы?
Қасірет па екен әлде өлең?
Айдында жүзген бала қаздары,
Тарана-тұғын саулемен.

Қанатын қағып айтқан наздары,
Саған да, аға, азап па?
Қарасаз қалды қайтқан қаздары,
Қараөлең қалды қазаққа.

Қараөлең қалды, сол өлең қалды,
Сен де қайтқансың қайғылы.
Құлагер тағдыр мәреден де әлгі,
Өтпегенімен әйгілі.

Ақынның жаны құсқа айнала ма?
Қаздардың көрдім тізбегін.
Қарғалар қалды үшпай далада,
Келгелі қашан күзге өлім.

Ақындар құсқа болады-ау ғашық,
Ұшатын тастап жалғанды.
Қайтса да құстар Алатауды асып,
Қанатында әсем ән қалды.

P.S

Мұқафали әнге айналды!





КҮЗЕТШІ

Тұн. Дүкен іші,
Айдың нұры тамады терезеден.
Таңды тосып, таусылған күте күші,
Тұннің айырмасы жоқ неге менен?

Қайда әлгі жарық әлем,
Өткізе алмай отырмын уақытымды?!
Өткеніме көз жұмып тағы да мен,
Атар таңнан күтемін бақытымды.

Суықтан дәл бүгінгі,
Тәнім тоңып, жүрегім дірдектейді.
Түсініксіз жасаған тағдырымды,
Әй, бірақ та Тәңірге кім беттейді?

Күйімді кім ұғады?
Жалған өмір сындырды қанатымды.
Аузыма кеп жүрегім тығылады,
Суқаным сүймейді осы қара тұнді.

Бұлдыр елес,
Қарғап өтем қатыгез қарашаны.
Тұн. Жалғыздық. Мұң-нала бұл дым емес,
Кім менің ертеңіме бал ашады?!





* * *

Оба тауы, сен де тау іргедегі,
Басына шақыратын күнде мені.
Адамзаттың бәрі ақын емес әттен,
Менен басқа өзіңе кім келеді?!

Мейірімге сусаған дала мына,
Жалғыз сенің қарайды қабағыңа.
Қалаға тайқып беріп, Оба тауы,
Мен де сенің қалдым-ау обалыңа.

Тектілігін жоғалтып тозған ары,
Ауылдың да қалмады өзге амалы.
Басыңа шығып алып жыр оқысам,
Тастарыңың жылайды көз жанары.

Мәрт даламның көз салып кеңдігіне,
Биігіңе құмар ем мен күніне.
Тасыңнан қына терген кездерді аңсап,
Тас көшеге таңылдым енді, міне.

Менен дәурен, басыңнан бұлт көшеді,
Содан қайтты жанымның күрт меселі.
Төбендеңі үйілген тас сияқты,
Тасбауыр бол алышты жүрт кешегі.

Мендік іңкәр жүректің Алатауы,
Аспанды аймалаған алақаны.
Жүрегім тасқа айналды тауды аңсаған,
Обалыңа қалдым-ау, Оба тауы.





* * *

(Дос, ағам Руслан Омашевтың рухына)

«Асыл көгершін, ұшып келерсін
Адалдығыма, қашан сенерсін?...

Тәбесін көз шалғанда Жаланаштың,
Жүректен жас ағады аралас мұң.
Алтын ұлдың аймағы алты қанат,
Күйінгенде сырымды саған аштым.

Бір ұл өтті өмірден шебер, сырлы
Өмірі – өзі салған өлең сынды.
Ауылда айтатұғын жан қалмады,
Ол шырқап кеткен «асыл көгершінді».

Бір ұл өтті жалғаннан, Жалаңаштан,
Алғырлығы асаудай ала қашқан.
Болмысы тұлпар еді, өттеген-ай,
Жазылып үлгермеген жаңа дастан.

Кеудемізге тұмар ғып тағып мұңды,
Жанымыз бір қайғыны жолықтырды,
Ол теңдесіз мерген ед, бірақ ажал
Одан да өткен мерген болып тынды.

Тұзге тәрбиелеген үйден бізді,
Күйінді ме тәрк өтті ол күй бен күзді.
Арманымен алмады қауыштыра,
Жан-тәнімен беріліп сүйген қызды.
Өкінішті...



ҚАРАӨЛЕҢ,

Тәүкенің жеті жарғысы сынды,
Бәрінен биік бағалы ол.
Адамның бүкіл алғысы сынды,
Тағдырым салған қара жол.

Қаламның алі қасиетіне,
Басын иеді бар әлем.
Жүректің жұтқан қасіретінен,
Жарыққа шыққан қараөлең.

Бүкіл байлықты жер бетіндегі,
Өлшеп көрсөң де шамамен.
Бір-ақ арудың келбетіндегі,
Басып кетеді қара мең.

Көмбеге жетіп аһ ұрды, құлап
Шабытам – жүйрік қарагер.
Ақымақ шығар, ақынды бірақ,
Көтере алмайды қара жер.

Пенденің соқыр, керендері де,
Біз жайлы айтар бар аңыз.
Мұң сіңген әсем өлеңдеріме,
Сүйсініп жүрсе қара қыз.





Қайрат ИМАНБЕКОВ

Тәуkenің жеті жарғысы сынды,
Басын иетін бар әлем.
Адамның бүкіл алғысы сынды,
Жүрегім осы – қараөлең.

Тілегім осы – қараөлең.



* * *

Тұнде алақан, жаятын күндіз құшак,
Тамаша өмір барады бір қыз құсан.
Жарық түспес тар қабір, ол да тағдыр,
Ағып түссем бір күні жұлдыз құсан.

Төзуді де үйреткен аңсатуды,
Өмір, сенің сүйемін әр сәтінді.
Арымды кір шалмайтын, жанымды мұн,
Алыстарға жетелеп жол шақырды.

Налитын кездерімде тағдырыма,
Жалған жылау екен ғой барлығыда.
Жалғыз аяқ жол жатыр бейтке дейін,
Мүмкіндік сол, артымда із қалдыруға.

Бір сүріну кейде осы бір үмітпен,
Күннен-күнге келемін тіріліп мен.
Өлеңіме өзімнің ғашық болам,
Жаным егіз секілді ұлылықпен.

Мұңайсам да ерекше қуансам да,
Айналары мәлім ғой күнәм сорға.
Жүргіне жүртүмнің жетер ме екен?
Жүргімнен шыққан жыр күмән сонда.





Қайрат ИМАНБЕКОВ

Не табамын біреуді жәбірлеуден,
Қараөлеңді келемін қадірлеумен.
Осы өлеңді мен ертең оқып тұрам,
Тағдырыма тәу етіп Тәңір берген.





* * *

*Түсінбегендер зарымды ішкі,
Кетіпті тағы тоғымды қып.*

Бағдат МҰБӘРӘК

Дүниенің түбінде сөнер күні,
Сөндірмеуге жан салдым өнерді ұлы.
Бағдаттың ойымнан кетпей қойды,
Тоғымды қып кетті деген жыры.

Қиса-қисын тоғымды одан да әрі,
Шуақ саулем сөнген жоқ санамдағы.
Қолдан құйып жасаған қаранғылық,
Сөнетін күн бар ма еken қоғамдағы?!

Шарасыздан шамданып шам да жақтым,
Түніменен көз ілмей таңда жаттым.
Тоғынды да елемес, сорынды да,
Киіз үйі, шіркін-ай, нар қазақтың.

Ат құйрығын кесіскен жақындары,
Ескермейтін, елім-ай ақындарын.
Жұмыстан қысқарғандар қорында емес,
Ырыстан қысқарғандар сапындағын.



ҰЗАТУ

Ұшырып сені қолымнан,
Егіліп іштей жыладым.
Табылып кенет жолымнан,
Неліктен маған ұнадың?

Жүректен жауһар ән құрай,
Жараспақпысың жұбынмен.
Өзіңдей қызға дәл бұлай,
Фашық болмаппын бұрын мен.

Түнегін кездім елестің,
Мен үшін мәңгі тәттісің.
Бақытың, сірә, емеспін,
Басқаға қондың, ақ құсым.

Ардағым, енді сен десем,
Қателесемін, жан ерке.
Басқаға сені бермес ем,
Кездескенімде сәл ерте.



Сыңарынменен сән құрап,
Канатты қақтың үзақça.
Кайырылып келмей, сен, бірак,
Ұшқан жағында тұрақта.

Балап өтемін шынарға,
Мұңдайып түнде, күндіз мен.
Ойыннан мені шығар ма,
Ұзатылуынды жүргізген.



Сағыныш па едің күз кейпіндегі,
Сағынып жүрмін сол шақты?
Аңсап, күтіп тек іздейтін мені,
күндерің, күнім аңсатты.

Біздің жүректен тұратын арман,
кешірім, мейірім қалғаны.
Жазықсыз сені жылжып алған,
жылдарды жылдар жалғады.

Солдырып ерте сезімнің гүлін,
кешігіп қалған, арман-ай.
Сені сүйетін көзімнің мұңын,
жуамын жаспен мен қалай?

Қоспаған бізді бұл өмір кегі,
тұнеріп тұрған бұлт еді.
Кішкене мына жүрегімдегі,
бақытымның ең үлкені.



* * *

**Атам марқұм бізді басып бауырға,
Тауға барып тобылғы әкеп бір құшақ.
Өрістегі мал келгенше ауылға,
Теріскейге жүруші еді дүрбі сап.**

**Ал, біз қазір өстік, жігіт болғанбыз,
Маусымдағы ақ селеудей гүлдеген.
Сол кісінің аманаты бар жалғыз,
Адам бола біл деген.**

**Ауылға да бармағалы көп болды,
Адамдықтан айырылып, кім болдық?
Тас көшеде көрмей нұрлы қоктемді,
Қаладағы қуыршақ бол үлгердік.**

**Қайырымсыз тас қалаға елең болп,
Тауға барып тобылғы әкеп бір құшақ.
Қаладағы балам қашан келер деп,
Теріскейге кім жүр екен дүрбі сап?**



Табысқым келді қоштасар шақта,
өртеніп жүрек, жанып іш.
Алыстап кеттік достасар шақта,
арада қалды сағыныш.

Кектем боп күлдің, күз болып тұрдым,
сүйетін едім – жазығым.
Айырылған екі із көріп тұрдым,
өзім де содан қажыдым.

Қап-қара тұнде Ай тұрды жылап,
жылаған, әлде, сен бе едің?
Мұңымыз бірге айтылды, бірақ
қоштасып қалдым – пендемін.

Сағынып сені мұздайды жүрек,
Көңілім ынтық құштар жан.
Кектемнің өзі біз жайлы білед,
Сенбесен, сұра құстардан.

Көңілден қатал сезілген ақлан,
Кешірші осы кейпімді.
Оттай ыстық жас көзіңнен ақсан,
Сезім бе, балқім, сыйқырлы?!





ЖҰЛДЫЗ ТЕК КӨКТЕ ЖАНАДЫ

Айналайын, Қайратжан!

Сенің жырларың, өміріңмен қоса өртген
әңдерің арқылы өз өмірім, бала күндерім көз
жадыма келді. Өміріміде саяныныш үгымы үя
салды. Біз ерекше мейірім іздедік, таппадық.
Бірақ, ана маҳаббатына тояттандық,
шамдық. А纳мыздың жүргегіндегі мұнды
шамышипен алмастырымызы келді. Сен,
Қайратжан анаңа ғана емес, өз жырларыңмен
Алашқа қуанышы сыйладың. Сенің анаңа қазақ
жүрті ыра, ақынды туылты, ақынды
хүнеге ақеліпті. Ақынның анасы болылты.
Ақындар бақытты үзақ іздейді. олар біреуге
бақытты болып көрінер, біреуге бақыттын
іздеген байгустай бол көрінеді. Бақытыңды
поззия алемімен байланыстырылан екенсік,
көніңс көтеріл.

Жұлдыз тек көкте жанады!

Ағалық ақ инетпен
Бекзат АЛТЫНБЕКОВ

МАЗМУНЫ

АЛҒЫСӨЗ	3
САПАР	6
МИНЕЗ	7
ҚҰЛАЗУ	8
ӘКЕ	9
АНАНЫ ЖҰБАТУ	10
«ЖУРЕК ЖИІ ЖҮТКАН СОН»	12
ТОҚЫРАУЫН	13
ЖҰЛДЫЗ АҚТЫ	14
«ӘДЕМІ АРУЫ БІР ҮЙДІҢ...»	15
«КӨЗІҢНЕН КІРБІҢ МУҢ КӨРДІМ...»	16
«БОЙЫМДА БАР МА МЕНИҢ...»	17
КЕР АТ	18
«ЖАПАН ТҮЗДЕ ЖАЛҒЫЗ ӨСІР...»	20
«ШЫҒА АЛМАСТАЙ ШЫРМАЛЫП...»	21
ҚАСҚА ҚҰЛЫН	22
МУГЕДЕК	23
«АЛАСАРТАП АЛАНДАЙ...»	25
ҚІЛТ	26
«АТЫРЫП ӘНМЕН ТАҢЫМДЫ...»	28
НҮКТЕ	29
ҮЗІК СЫР	30
БАЛАЛЫҚ АРМАННЫҢ БИЛГ	32
УАҚЫТ	34
ҚАЙДАУЫЛ-ШЕРУКЕ	36
ПОДЬЕЗД	37
«НЕГЕ ЖЫЛЛАЙ БЕРЕСІН...»	38
«ТАҚАП ҚАЛҒАН ТҮС ЕДІ...»	39
КҮЙ	40
«БЕКЕР БІЗГЕ СҮЙСІНІП...»	42
ӘКЕ	43
«АПАҚ-САПАҚ ДҮННИЕ БҮЛ...»	44
«СҮРІНІП ТҮЯҚ КЕТКЕНДЕ...»	45
«АТ ЖАРЫСҚА БАРАЙЫҚШЫ...»	46
«ТЕМІР ДЕ СЫНАР...»	47

ЖЕММАТАЙГА	48
ЕРТ	50
БАЛЫР БАБА ЕСКЕРТКІШІ	52
ШАМА	54
КАМ МЕН ДАЛА	56
БАСАР БАБА	58
АСТОҒАЙ	60
АДАНЫМ ҮЙЫП ТҰРАДЫ...	61
БАРА ТОРҒАЙ	62
ЖАСТАҚЫ КЫ ҰҒАН КӨЗГЕ ІЛМЕЙ...	64
ТӨТЕ	66
ЖАЙТА АЛМАЙ ДОСКА...	68
АНА СӨЗІ	69
БАЛКАШ	71
БАЛКАШ ЕКІНШІ ӨЛЕНІ	73
БАРДЫ ЖОҚ ЖОҚ ҚЫЛАР...	75
ЖАС САУҒА 1АП БІР ҮЙДЕН...	76
НОС	77
ЖАЗЫЛМАҒАН БІР ӨЛЕН	78
ЖАЛНАШ	79
ЖАЛҒАН ЭЛЕМ	80
ЖАЛАМАШЫ	81
ЖАЛАДАН-ЖЫЛҒА АНАШЫМ...	82
ЖАСИЕТ ПА ЕКЕН...	83
КҮЗЕТШІ	84
ЖОБА ТАУЫ СЕН ДЕ ТАУ...	85
ЖАВБЕСІН КӨЗ ШАЛҒАНДА...	86
БАРАФ 1ЕН	87
ЖАУНАДЕ АЛАКАН ЖАЯТЫН...	89
ЖАУМЕНИҢ ТУБІНДЕ...	91
ЖАУТУ	92
ЖАСЫНЫШ ПА ЕДІН...	94
ЖАТАМ МАРКУМ БІЗДІ БАСЫП...	95
ЖАБЫСҚЫМ КЕЛДІ КОШТАСАР...	96
ЖАЛЫЗ ТЕК КӨКТЕ ЖАНАДЫ	97

Қайрат ИМАНБЕКОВ

ҚАСҚА ҚҰЛЫН

Редакторы: Серік САҒЫНТАЙ.
«Қасым» журналы компьютерлік орталығында
беттеліп, жасалған.
Таралымы 1000 дана. Қаріп түрі Opr. Шартты
баспа табагы 8 б.т.
Тапсырыс № 1115.
“Арко” ЖШС баспаханасында басылды.
Караганды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15.



Кайрат ИМАНБЕКОВ

1989 жылы Караганды облысы, Адтогай ауданы, Жакансай ауылшынында дүниеге келген. Жакансай ауылшынын Т.Акымшұлы атындағы 9 жылдық мектепті тамамдап, Балқаш қаласындағы 2006 жылды №2 Абай атындағы лицеяді бітірген. 2010 жылы Балқаш гуманитарлы-техникалық университетінің филология факультетін тамамдады. Облыстық, республикалық жыр мүшіндерлердин жүлдегері. Ж.Жақыпбеков атындағы республикалық «Жұматай жыр каганы» атты мүшіндердің Зорын негері. 2011 жылы Павлодар қаласында «Ақиен жас қаламгерлердің «Тәуелсіздік тұфыры» атты фестивалінің Естай атындағы арнайы жүлдесінің лауреаты.